

**"Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 маусымдағы № 663 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері» туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі туралы ережеде:

«Кеңсенің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері» деген 2 - б ө л і м д е :

10-1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шараларды әзірлеу;»;

1 1 - т а р м а қ т а :

29) және 30) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«29) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды және мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қорғау жүйесін дамыту мен жетілдіру;

30) мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шараларды әзірлеу;»;

мынадай мазмұндағы 30-1) және 30-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«30-1) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелердің кадрларын даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру;

30-2) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау мәселелері жөнінде практикалық және әдістемелік көмек көрсету;»

;

1 2 - т а р м а қ т а :

